

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Байзакова Акерке

Название: Түркістан облысы Отырар ауданының Ақпым ауылы мен шипажайды сумен жабдықтау.docx

Координатор: Амирхан Хойшиев

Коэффициент подобия 1: 1.5

Коэффициент подобия 2: 0.4

Замена букв: 99

Интервалы: 0

Микропробелы: 15

Белые знаки: 0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

25.05.2021 г.

Дата



Подпись Научного руководителя

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Автор: Байзакова Акерке

Название: Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы мен шипажайды сумен жабдықтау.docx

Координатор: Амирхан Хойшиев

Коэффициент подобия 1:1.5

Коэффициент подобия 2:0.4

Замена букв:99

Интервалы:0

Микропробелы:15

Белые знаки:0

После анализа отчета подбора заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- ☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

25.05.2021.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допущено к защите.

25.05.2022.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Байзақ Ақерке Спабекқызы

«Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы мен шипажайды
сүмен жабдықтау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖ/ӨЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., асоц.проф.

 К.Алимова
« 01 » маусым 2021 ж

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы мен
шипажайды сумен жабдықтау»

Мамандығы 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Байзақ А.С

Жетекші

техн.ғыл.канд., асоц.проф.
 Хойшиев А.Н
« 01 » маусым 2021 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

БЕКІТЕМІН

ИЖЖ/ЕЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., асоц. проф.

 К.Алимова
« 12 » наурыз - 2021 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Байзақ Ақерке Спабекқызы
Тақырыбы: «Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы мен шипажайды сумен жабдықтау»
Университет ректорының 2020 жылғы «24» қараша №2131-б бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2021 жылғы «25» мамыр
Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы деректері:
Нысанның орналасқан орны: Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы әкімдігінен алынған мәліметтер
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім;
б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы;
в) Экономикалық бөлім.
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
а) елді мекеннің бас жобасы;
ә) су тазалау ғимараттарының бас жоспары
б) құрылыс бас жобасы
в) су қабылдау ғимараты
г) IV сақинаны бөліктеу Пьезометрлік графигі
г) 2 көтеру сорғыш бекеті
Ұсынылатын негізгі әдебиет 6 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	16.03.21 ж.- 13.04.21 ж.	
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	13.04.21 ж.- 27.04.21 ж.	
Экономикалық бөлім	27.04.21 ж.- 09.05.21 ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Н.К.Қызылбаев тех.ғыл.маг., сеньор- лектор	27.04.21	
Экономикалық бөлім	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд.,ассоц.проф.	09.05.21	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., ассоц.проф.	31.05.21	

Жетекші



А.Н.Хойшиев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.С.Байзақ

Күні

“12” наурыз 2021 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселе - Түркістан облысы Отырар ауданының Аққұм ауылы мен шипажайды сумен жабдықтау. Басты мақсат Аққұм ауылының және шипажайдың орналасу аймағын зерттей отырып, жергілікті орынның схемасын таңдау, есептерін талдай отырып сумен жабдықтау.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімінде зиянды факторлар мен олардың алдын алу мәселелері қарастырылады.

Ал экономика бөлімінде біріншіден, техникалық шешімдердің технико-экономикалық талдануы есептеу жұмыстары қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассмотрены вопросы проект водоснабжение села Аккум и санатоия Отрарского района Туркестанской области. Главная цель - дипломного проекта водоснабжение с анализом расчетов, выбор схемы месторасположения с изучением зоны размещения санатория и села Аккум.

В разделе охраны труда и техники безопасности выявили вредные факторы и методы их профилактики.

В разделе экономики, во-первых, был рассмотрен технический и экономический анализ технических решений.

ABSTRACT

The graduate project the issues of the project of water supply to the village of Akkum and the sanatorium of the Otrar district of the Turkestan region are considered. The main goal is the diploma project water supply with the analysis of calculations, the choice of the location scheme with the study of the area of the sanatorium and the village of Akkum.

In the section on labor protection and safety measures, harmful factors and methods of their prevention were identified.

In the section of economics, first, the technical and economic analysis of technical solutions was considered.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1	Технологиялық бөлім	7
1.1	Сумен жабдыкталатын елді мекенге сипаттама	7
1.1.1	Елді мекеннің табиғи климаттық жағдайлары	7
1.2	Сумен жабдықтау жүйесі	8
1.3	Есептік су шығындарын анықтау	8
1.3.1	Елді мекеннің ауыз су- тұрмыстышаруашылығына қажетті су шығындарын анықтау	8
1.3.2	Елді мекеннің жерін суаруға кететін шығындар	12
1.3.3	Өндіріс орындарының тұрмыстық су шығындарын анықтау	12
1.3.4	Тәулік ішіндегі су шығындарды есептеу	14
1.3.5	Меншікті, жолай және түйіндік шығындарды анықтау	14
1.3.6	Өрт сөндіруге қажетті шығындарды анықтау	15
1.4	Суды тазарту ғимараттар есебі	15
1.4.1	Реагенттерді есептеу	17
1.4.2	Араластырғыштарды есептеу	17
1.4.3	Тұндырғыштар есебі	21
1.4.4	Сүзгі есебі	23
1.5	Суды зарарсыздандыру	27
1.6	Санитарлық қорғау аймағы	28
2	Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	29
2.1	Жер қабаттарын өңдеу және жобалау	29
2.2	Құрылыс машиналарының жұмыс өнімділігі	30
2.3	Экскватордың жұмыс өнімділігі	31
3	Экономикалық бөлім	33
3.1	Су құбыры торабының құрылыс құнын анықтау	33

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

Су планетаралық деңгейде сарқылмайтын ресурстар қатарына жатады. Оның мөлшері мұхит, атмосфера, құрлықта үнемі айналып отыратын айналымдармен толықтырылады. Жер бетінің 70,9% бөлігі сулы аймақ алып жатыр. Дегенмен, қазіргі таңда су көздерінің шығындары мен тапшылығы, шамамен бүкіл әлемде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі көптеген елдерде сумен жабдықтау көзі статистикалық мәліметтер бойынша жеткілікті дами қойған жоқ.

Сумен қамтамасыз ету Қазақстанда біркелкі таралмаған. Кейбір ауылды аймақтарда су жүйесі іске қосылмаған, қосылған жағдайда да тұрықты шығындарын есепке алу жеткілікті қолға алынбаған. Қазақстанда тек Шығыста ғана сумен жеткілікті қамтамасыз етілген. Ал Маңғыстау, Қызылорда және Түркістан өңірлері сумен жеткіліксіз жабдықталған.

Қазіргі кезде коммуналды тіршілікте тұрғы су пайдаланылады және оның зарарсыздығы мен сапалы болуы маңызды. Сапалы ауыз судың бірден бір нысаны суды стандартқа сәйкес тазалаудың жаңа технологиялары. Суды тазалау 4 әдіспен жүзеге асырылады:

- Физико-химиялық
- Химиялық (реагентті)
- Биохимиялық тазалау

Физико-химиялық әдісте тотығу-тотықсыздандыру ион алмасу, радиациялық тазалау қолданылады. Ион алмасуда су тек тазарып қана қоймай өзіне керекті шикізаттарды реттеп, алып отырады. Радиациялық тазалауда су сәулелену арқылы залалсыздандырады.

Химиялық тазалау ең көп қолданылатын әдістер. Ол - нейтрализация және тотығу-тотықсыздану арқылы су тазартады.

Биохимиялық тазалау аэробты (оттегі жеткілікті жерде микроорганизмдер әсерімен органикалық заттарды минералдау) және анаэробты (оттегі жеткіліксіз кезде оттегі бар аниондар арқылы тазалау) әдістері арқылы суды зарарсыздандыру.

Айта кетейік, Түркістан облысында « Су ресурстары-Маркетинг » ЖШС-ның тазарту қондырғылар кешенінде « Сулы барьер » деп аталатын технологияны енгізу жоспарлануда. Бұл технологияның негізгі міндеті – айналаға жағымсыз иістердің таралуын шектеу. Жүйе тазарту қондырғылары бойымен тартылған жіңішке құбырлардан тұрады. Ол құбырлармен суға араластырылған арнайы химиялық реагент жіберіледі. Бұл сұйықтық мерзім-мерзіммен ауаға шашылып, оны қаптап, қорғаныс жасайды. Сондай-ақ жұмысқа биогаз енгізілгеннен кейін айналаға экологиялық жүктеме едәуір төмендеді. Метантенктерде биогаз өндіру барысында тұнбадан барлық белсенді заттар сорылады. Сондықтан тұндырғыштарға жағымсыз иісі жоқ тұнба келіп түседі.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Сумен жабдыкталатын елді – мекенге сипаттама

Жобада қарастырылатын объект – Түркістан облысы батысында орналасқан Отырар ауданындағы Аққұм елді мекені.

Аққұм ауылы облыстан 32 км жерде орналасқан. Аққұм ауылы Отырар ауданының Маяқұм ауылдық округінің қатарына енеді. Әкімшілік орталығы – Маяқұм. 2009 жылғы халық санағы бойынша елді – мекенде тұратын халық саны 3645 адамды құрайды. Оның 1683 ер адам, 1962 – ы әйел адамнан тұрады. Ауылдық елді мекеннің аумағында гидрографиялық торап дамыған. Жайылымдар табиғи өзендермен, шахталы құдықтармен, каналдармен суарылады. Сапасы төмен сулар малдарды суару үшін жарамды болып келеді.

Округтің жалпы жер көлемі - 317544 гектар. Оның ішінде: ауыл шаруашылық жер - 35072 гектар; жалпы егістік жер - 7006 гектар; суғармалы жер - 7006 гектар; жайылымдық жер - 28066 гектар.

1.1.1 Елді мекеннің табиғи климаттық жағдайлары

Елді мекеннің климаты қоңыр континентті болып келеді. Қыста суық, қары аз, жері құрғақ, ал жазда өте ыстық болады. Қаңтар айында жылдық орташа температура солтүстікте – 6 - – 8 °С, оңтүстікте – 3 - –5 °С, жаз айларында 28 – 29 °С көрсетеді. Елді мекеннің жер қыртысы Тұран плитасының эпигерциндік құрылымынан түзілген. Мезокайнозой дәуірінен дамып келе жатқан эраға жатады. Бұл өңірде жер қыртысы бірнеше жарылыстармен қиылған палеозойдың магмалық шөгінді жыныстарынан тұрады және де қабаттар палеозойлық табанды жаңартып науаларға (Арыс, Келес) бөлген.

Жер асты сулары Арыс, Қызылқұм артезиан алаптарына тиесілі, жоғары бор шөгінділері бар құмды қабатта жатады. Палеоген – неоген кешеніндегі сулы қабаты 700 – 1000 метр тереңдікке кездеседі, температурасы 55 – 75 °С құрайды. Литологиялық қабаты құмды – саздықты келеді. Бор қабатында су 1600 – 2700 метр тереңдікте кездеседі, температурасы 100°С, ал Юра қабатында 140°С (тереңдігі 2800 – 3100 метр). Суы кремнийлі – термальды және минералды суларға жатады.

Су кермектілігі: Қызылқұмда 4—5 г/л, Арыста 4—7 г/л. 2- 5 метр тереңдікте жерасты грунт сулары кездеседі. Елді мекеннің жер қойнауы графит, тас көмір, алтын, уран, құрылыс материалдарына бай.

1.2 Сумен жабдықтау жүйесі

Елді мекен сумен жабдықтау жүйесі жер астымен жүргізілетін құбырлар арқылы жүзеге асырылады. Құбырлар қазіргі талаптарға сай шойын, болат

материалдарынан жасалған. Сонымен қатар құбырлар диаметрлеріне сәйкес ысырмалар орналастырылады.

Берілген елді мекенді сумен жабдықтау мақсатында су табиғи су көздерінен алынып, оны зарарсыздандырып тұрғындарға жеткізіп беріледі. Ол үшін бізге төмендегідей ғимараттар қажет болады:

- суды табиғи су көздерінен қабылдайтын ғимарат;
- белгілі қысыммен тиісті жерлерге жеткізіп беретін сорғы станциялары;
- судың сапасын жақсартып, тазалайтын ғимараттар;
- су тарататын құбырлар;
- су реттеуіш сыйымдылықтар.

1.3 Есептік су шығындарын анықтау

1.3.1 Елді мекеннің ауыз су – тұрмыстық шаруашылығына қажетті су шығындарын анықтау

Тұрмыстық шаруашылыққа қажетті орташа тәуліктік су шығыны, м³/тәу анықталады

$$Q_{\text{орт. тәу}} = \frac{q \cdot N}{1000}, \quad (1.1)$$

мұндағы $q_{\text{орт}}$ – орташа тәуліктік су тұтыну нормасы, елді мекеннің орналасқан жеріне, ғимараттардың санитарлық абаттандырылу дәрежесіне байланысты қабылданады, л/адам·тәулік

N – елді мекендегі халық саны, адам.

Судың тұтыну нормасы ҚР ҚН 4.01.02-2009 сәйкес абаттандыру дәрежесі бойынша алынады.

Халық санына қарай судың мөлшері, м³/тәу

$$Q_{\text{орт. тәу}} = \frac{150 \cdot 3645}{1000} = 546,75 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Тәулік ішіндегі ең жоғарғы және ең төменгі су тұтыну мөлшері, м³/тәу төмендігі формулалар бойынша анықталады:

$$Q_{\text{жоғ}} = K_{\text{жоғ}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \quad (1.2)$$

$$Q_{\text{төм}} = K_{\text{төм}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \quad (1.3)$$

мұндағы $Q_{\text{жоғ}}$, $Q_{\text{төм}}$ – сәйкесінше тәулік ішіндегі ең жоғарғы және ең төменгі су тұтыну көлемі, м³/тәу;

$K_{тәу.мах}$, $K_{тәу.мин}$ – тәуліктегі біркелкі еместік коэффициенттері. ҚНЖЕ 4.01.02-2009 бойынша: $K_{жоғ}$ – тәуліктік максималды біркелкісіздік коэффициенті, $K_{жоғ} = 1,1-1,3$; $K_{төм}$ – тәуліктік минималды біркелкісіздік коэффициенті, $K_{жоғ} = 0,7-0,9$.

$$Q_{жоғ} = K_{жоғ} \cdot Q_{орт.тәу} = 1,7 \cdot 546,75 = 929,4 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{төм} = K_{төм} \cdot Q_{орт.тәу} = 0,8 \cdot 546,75 = 437,4 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Тұтынушылардың түрлеріне қарай шаруашылық ауыз су шығынының нәтижесі А.1, А.2, А.3 кестелерінде көрсетілген.

Орташа сағаттық су шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$ анықталады

$$Q_{орт. сағ} = \frac{Q_{орт.тәу}}{24}, \quad (1.4)$$

мұндағы $Q_{орт. сағ}$ – орташа сағаттық су шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$.

$$Q_{орт. сағ} = \frac{546,75}{24} = 22,8 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Есептелген мәліметтерге сүйене отырып, сағаттық максималды және минималды су шығындарын, $\text{м}^3/\text{сағ}$ анықтаймыз

$$Q_{жоғ. сағ} = K_{сағ. макс} \cdot \frac{Q_{орт.тәу}}{24}, \quad (1.5)$$

$$Q_{төм. сағ} = K_{сағ. мин} \cdot \frac{Q_{орт.тәу}}{24}, \quad (1.6)$$

мұндағы $Q_{жоғ. сағ}$ – тәулік ішіндегі максималды сағаттық су шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

$Q_{төм. сағ}$ – тәулік ішіндегі минималды сағаттық су шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

$K_{сағ. макс}$, $K_{сағ. мин}$ мәндері анықталады

$$K_{сағ. макс} = \alpha_{сағ. макс} \cdot \beta_{сағ. макс}, \quad (1.7)$$

$$K_{сағ. мин} = \alpha_{сағ. мин} \cdot \beta_{сағ. мин}. \quad (1.8)$$

мұндағы α – ғимараттардың сантехникалық жабдықталу дәрежесіне, ведомстволардың жұмыс кестесіне және басқа да жергілікті жағдайларға тәуелді қабылданатын коэффициент;

β – елді мекендегі тұрғындар санын есепке алатын коэффициент.

Құрылыс қағидалары ұсынысы бойынша $\alpha_{\text{макс}} = 1,2-1,4$, $\alpha_{\text{мин}} = 0,4-0,6$ аралығында қабылданады. Шағын елді мекендерге $\alpha_{\text{макс}} = 1,6$ дейін болады.

$$K_{\text{сағ. макс}} = 1,2 \cdot 1 = 1,2$$

$$K_{\text{сағ. мин}} = 0,4 \cdot 1 = 0,4$$

Максималды сағаттық су шығыны, м³/сағ

$$Q_{\text{жоғ. сағ}} = 1,2 \cdot \frac{546,75}{24} = 1,2 \cdot 22,8 = 27,33 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Минималды сағаттық су шығыны, м³/сағ

$$Q_{\text{төм. сағ}} = 0,4 \cdot \frac{546,75}{24} = 0,4 \cdot 22,8 = 9,12 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Елді – мекендегі қосымша шығындарға мектеп, амбулатория, монша, балабақша, әкімшілік ғимараттары жатады.

Моншаның жұмыс жасауына қажетті су шығыны, м³/тәу анықталады

$$Q_{\text{орт. монша}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \quad (1.9)$$

$$Q_{\text{орт. монша}} = \frac{180 \cdot 25 \cdot 16}{1000} = 72 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

мұндағы q_0 - моншаға бір келушінің су тұтыну мөлшері, 180 л;

T – моншаның жұмыс уақыты, сағат;

N – моншаға келушілер саны, адам.

Балабақшаға қажетті су шығыны, м³/тәу анықталады

$$Q_{\text{орт. балабақша}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \quad (1.10)$$

$$Q_{\text{орт. балабақша}} = \frac{30 \cdot 100 \cdot 16}{1000} = 48 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы q_0 – балабақшадағы бір балаға сай келетін су тұтыну мөлшері, 75 л;

T – балабақшаның жұмыс уақыты, сағат;

N – балабақшадағы бала саны, адам.

Мектепке қажетті су шығыны, м³/тәу анықталады

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{мектеп}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000} \quad (1.11)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{мектеп}} = \frac{30 \cdot 100 \cdot 10}{1000} = 30 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы q_0 – мектептегі бір оқушыға сай келетін су тұтыну мөлшері, 20 л;

T – мектептің жұмыс уақыты, сағат;

N – мектептегі оқушы саны, адам.

Амбулаторияға қажетті су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$ анықталады

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{амбулатория}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \quad (1.12)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{амбулатория}} = \frac{30 \cdot 100 \cdot 24}{1000} = 72 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

мұндағы q_0 – амбулаторияға келген бір емделушіге сай келетін су тұтыну мөлшері, 13 л;

T – амбулаторияның жұмыс уақыты, сағат;

N – амбулаторияға келуші саны, адам.

Елді мекендегі мал шаруашылығы аумағының тұтынатын су шығыны. $\text{м}^3/\text{тәу}$ анықталады

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{түйе фер.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (1.13)$$

мұндағы q_0 – түйе фермасындағы бәр түйеге шығындалатын су көлемі, 20 л;

N – фермадағы түйе саны, бас.

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{түйе фер.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000} = \frac{20 \cdot 85}{1000} = 1,7 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

Сонымен қатар Аққұм елді мекенінің шипажай су шығынын келесі формуламен есептейміз:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{шипажай}} = \frac{20 \cdot N}{1000}, \quad (1.14)$$

мұндағы q_0 – шипажайдағы шығындалатын су көлемі, 20 л;

N – адам саны, сонда

$$Q_{\text{орта. шипажай.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000} = \frac{20 \cdot 500}{1000} = 10,0 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

1.3.2 Елді мекеннің жерін суаруға кететін шығындар

Елді мекенде орналасқан жасыл алқаптар мен көшелерді суару келесі формуламен есептеледі:

$$Q_{\text{суар}} = F_{\text{суар}} \cdot q_{\text{суар}} \cdot 10, \quad (1.15)$$

мұндағы $q_{\text{суар}}$ – көше мен жасыл алқаптарды машинамен суару
 $F_{\text{суар}}$ – суарылатын аудан, га

$$Q_{\text{суар}} = 9,7 \cdot 4 \cdot 10 = 388$$

Есептеу нәтижелері А.4 кестесінде көрсетілген.

Елді мекендерге, әдетте, барлық тұтынушыларға су бір құбырдан беріледі. Суландыру алқаптары,себу алаңдары қала аймағының әр жерінде кездесетіндіктен және өрттердің де қаланың кез-келген жерінен шығып қалуынан қалада шаруашылық және өрттік құбырлары қосылған болады.Осы су құбыры қаладағы өнеркәсіп орындарына да су бере алады.

1.3.3 Елді мекендегі өндіріс орнының қажеттіліктеріне жұмсалатын су шығындарын анықтау

Елді мекендегі негізгі өндірістік құрылыс шаруашылығы болып табылады. Өндіріс орнында 45 жұмысшы еңбек етеді. Өндіріс орнында тұтынылатын су көлемі тұрмыстық шаруашылыққа, технологиялық қажеттілікке және сусеберге шығындалатын болып бөлінеді. Жұмыс уақытысы кезіндегі ыстық цехта адам басына 45 литр, суық цехта 25 литр судан келеді. Сусеберге сай келетін су көлемін 500 литр деп қабылдаймыз, сусеберге түсу уақыты 45 минут.

Ауысымдағы жұмысшылардың ауыз су шаруашылығына қажетті су көлемі, м³/тәу келесі формулалармен анықталады

$$Q_{\text{ыстық}} = q_{\text{ыстық}} \cdot \frac{n_{\text{ыстық}}}{1000}, \quad (1.16)$$

$$Q_{\text{суық}} = q_{\text{суық}} \cdot \frac{n_{\text{суық}}}{1000}, \quad (1.17)$$

$$Q_{\text{ыстық}} = 25 \cdot \frac{3}{1000} = 0,075 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\text{суық}} = 45 \cdot \frac{3}{1000} = 0,135 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы $Q_{\text{ыстық}}$, $Q_{\text{суық}}$ – сәйкесінше өндіріс орнындағы ыстық және суық цехтардағы жұмысшыларға қажетті тұрмыстық – ауыз су мөлшері, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

$q_{\text{суық}}$, $q_{\text{ыстық}}$ – сәйкесінше өндіріс орнындағы ыстық және суық цехтардағы жұмысшыларға қажет нормаланған су мөлшері, ыстық цехтағы жұмысшыларға 45 л/ауысым, ал суық цехтағы жұмысшыларға 25 л/ауысым сәйкес келеді;

$n_{\text{ыстық}}$, $n_{\text{суық}}$ – цехтардағы жұмысшылар саны.

Өндірістегі жұмысшылар сусеберге түсуі үшін ауысымға жұмысшы басына 500 литр судан келеді. Әр жұмысшы 45 минуттан суға түседі деп есептеледі. Өндірістегі сусеберге түсуге шығындалатын су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$ анықталады

$$Q_{\text{сусебер}} = 0.375 \cdot \frac{N_{\text{сусебер}}}{n}, \quad (1.18)$$

$$Q_{\text{сусебер}} = 0.375 \cdot \frac{3}{1} = 1,125$$

мұндағы $Q_{\text{сусебер}}$ – сусеберге шығындалатын су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

$N_{\text{сусебер}}$ – сусеберге түсетін жұмысшылар саны, адам;

n – сусебер саны, дана.

Өндіріс орындарындағы әрбір шығарылған өнім үшін су шығыны анықталады. Өндірістің технологиялық қажеттіліктеріне жұмсалатын су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$ келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{техн}} = q_{\text{өн.ор}} \cdot N_{\text{өн.ор}}, \quad (1.19)$$

$$Q_{\text{техн}} = 30 \cdot 5 = 150,$$

мұндағы $q_{\text{өн.ор}}$ – шығарылатын 1 тонна өнімге жұмсалатын су шығыны, $\text{м}^3/\text{дана}$;

$N_{\text{өн.ор}}$ – шығарылған өнім саны, дана.

Есептеу нәтижесі А.5 кестеде көрсетілген.

1.3.4 Тәулік ішіндегі су шығындарды есептеу

Тәулік ішіндегі шоғырланған шығындарды анықтау, $\text{м}^3/\text{тәу}$

$$Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{ш.оф.}} = q_{\text{орт.тәу}}^{\text{ш.оф.}} \cdot N_{\text{ш.оф.}}, \quad (1.20)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{ш.оф.}}$ – орташа тәуліктік шоғырланған су шығыны, м³ /тәу;
 $q_{\text{орт.тәу}}^{\text{ш.оф.}}$ – бір адамға бір тәулікте тұтынатын су шығыны, л/тәу;
 $N_{\text{ш.оф.}}$ – адам саны.

Есептеулер А.6 кестеде келтірілген

$$Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{ш.оф.}} = 180 \cdot 30 = 5400$$

1.3.5 Меншікті, жолай және түйіндік шығындарды анықтау

Меншікті шығын, л/сек

$$q_{\text{мен.шығ}} = \frac{Q - \sum q_{\text{ш.оф}}}{\sum L} = \frac{2925,9 - 2724,9}{11848} = 0,016 \quad (1.21)$$

мұндағы Q – қала шығыны минус бағытталған шығындар, л/сек;

$\sum L$ – су беретін торап ұзындығының қосындысы, м.

Аймақтың кез-келген бөлігінде суды алу жолай деп аталады, оны келесі формуламен анықтайды:

$$Q_{\text{жол}} = q_{\text{мен}} \cdot l = 0,0138 \cdot 1 = 0,0138, \quad (1.22)$$

мұндағы l – аймақ ұзындығы. Меншіктік шығындарды есептеу жұмыстары А.7 кестеде көрсетілген.

Су құбыр торабының әр түйінінің орталықтандырылған шығыны, сол бөлікке келетін жол жөнекей шығынының жартысына тең ,л/сек

$$q_{\text{түйін}} = 0,5 \cdot \sum q_{\text{ж.ж}} = 0,5 \cdot 158,49 = 79,24 \quad (1.23)$$

мұндағы $q_{\text{ж.ж}}$ – жол-жөнекей шығын, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйін шығыны, л/с.

Бірақ әр түйіннің өзіне тиесілі орталықтанған шығыны болғандықтан жалпы әр түйін шығыны келесі формуламен анықталады

$$q_{\text{түйін}} = q_{\text{орт}} + 0,5 \cdot \sum q_{\text{ж.ж}} = 5400 + 0,5 \cdot 158,49 = 5479,2 \quad (1.24)$$

мұндағы $q_{\text{ж.ж}}$ – жол-жөнекей шығын, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйін шығыны, л/с;

$q_{\text{орт}}$ – орталықтандырылған шығын, л/с.

Түйін шығындарының есептеулері А.8 кестесінде көрсетілген.

1.3.6 Өрт сөндіруге қажетті су шығындарын анықтау

Өрт сөндіруге кететін судың көлемі объектінің өртке қауіптілік категориясына, өрт таралу аймағына, суды жіберу техникасын тиімді пайдалануына байланысты. Жобаланушы орынның өрт қауіптілік дәрежесі үлкен болған сайын оны сөндіруге де судың көп көлемі қажет болады. Ал судың көп көлемін жіберуге арналған су құбырларын салуға материалдар мен құралдар көп қажет етеді. Сондықтан өрт сөндіруге қажет судың шығыны аймақтың өрт қауіптілігіне байланысты.

Осы дипломдық жобамда тұрғын саны 3645 адамға тең болғандықтан ҚР ҚН 4.01.02-2009, 1 кестеге байланысты бір мезгілде өрттің болжам саны -2, оған қарсы су шығыны – 25 л/сек. Сөндіру ұзақтығы – 3 сағатқа тең.

Аймақтың өрт сөндіруге қажетті су шығыны, м³/тәу

$$Q_{\text{орт. тәу}}^{\text{орт}} = q_{\text{орт}} \cdot N_{\text{орт}}, \quad (1.25)$$

$$Q_{\text{орт. тәу}}^{\text{орт}} = 25 \cdot 2 = 50 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы $q_{\text{орт}}$ – өртті сөндіруге қажетті су шығыны, 25 л/с;

$N_{\text{орт}}$ – бір мезгілде болатын өрт саны.

1.4 Суды тазарту ғимараттары есебі

Су тазарту ғимараты – қолдануға берілетін су көздерін өңдеп, белгілі жолдармен тазартатын техникалық жүйе. Тазарту ғимараттарын салу кезінде су көрсеткіштерін міндетті түрде ескеру керек. Су көрсеткіштері А.9 кестеде көрсетілген.

Елді мекеннің орналасуына және өзеннің арнасына байланысты жобада жағалық су алу ғимараттарын қолдандым. Себебі жағалық су алу ғимараты арна бұзылмайтын кезде, өзен жағасы тік болғанда қолданылады және су қабылдағышты орналастыру мүмкіндігі ыңғайлы.

Су қабылдағыштың барлық секциясы су ағысы қалыпты режимде жұмыс істейді. Яғни,

$$Q_c = \alpha \cdot Q_{\text{макс.тәу}} \cdot N_c, \quad (1.26)$$

мұндағы α – суды керек көлемде көлемде қабылдайтын коэффициент. Ол су сапасы мен оны жақсарту әдістеріне байланысты қабылданады, $\alpha = 1,05-1,10$;

$Q_{\text{макс.тәу}}$ – су қабылдаудың тәуліктік мәні.

N_c – жұмыс істейтін секциялар саны, 1- 4 аралығында қабылданады.

$$Q_c = 1,1 \cdot 896 \cdot 4 = 3942.4 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

Секундтық шығын төмендегі өрнекпен есептеледі, $\text{м}^3/\text{сек}$

$$Q_{\text{сек.ш.}} = \frac{Q_c}{86400}, \quad (1.27)$$

$$Q_{\text{сек.ш.}} = \frac{3942.4}{86400} = 0.05 \text{ м}^3/\text{сек}$$

Әрбір 4 секция үшін су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$

$$Q_1 = \frac{Q_{\text{сек.ш.}}}{N_c}, \quad (1.28)$$

$$Q_1 = \frac{0,05}{4} = 0.0125 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

Секциялардың біреуі істен шыққан жағдайда немесе тазартылуға тоқтатылған жағдайда барлық су көлемі тең бөлінеді, $\text{м}^3/\text{с}$

$$Q = \frac{K \cdot Q_1}{(N_c - 1)}, \quad (1.29)$$

мұндағы K – суды уақытша азайту коэффициенті, $K = 0,7 - 1,0$

$$Q = \frac{0,7 \cdot 0,0125}{4 - 1} = 0.003 \text{ м}^3/\text{с}$$

1.4.1 Реагенттерді реттеу

Коагулянттар – ағынды суды түрлі зиянды қалдықтардан тазартатын химиялық өңдеу жүйесі. Коагулянттардың ішінде ең көп қолданылатын алюминий сульфаты және темір сульфаты, хлорлық темірді күкірт қышқылымен алюминий оксидін, гидроксидтерді, боксидтерді ерітіп дайындайды.

Коагулянттардың мөлшерін келесі формуламен анықтаймыз, M_k – мг/л

$$M_k = 4\sqrt{T}, \quad (1.3)$$

мұндағы T - судың түстілігі, град.

$$M_k = 4\sqrt{20^\circ} = 17,8$$

1.4.2 Араластырғыштарды есептеу

Суға қосатын реагенттер тез әсер ету үшін суды толық араластыру қажет. Бұл жүйе арнайы араластыру қондырғыларымен жүзеге асырылады. Араластыру қондырғылары: тік, тесікті, қалқалы және құйын тәріздес бұрғылауышы бар қондырғылар болып келеді. Су тазарту станцияларында ең көп қолданылатыны тесікті араластырғыштар. Ол қондырғылар $24 \text{ м}^3/\text{тәу}$ өнімділігі бар су тазарту ғимараттарында қолданылады. Тесіктерінің диаметрі 20-40 мм және үлкен қондырғыларды 100мм ге дейін болады.

Тесікті араластырғыштардың есебі:

Тесіктерінің диаметрін 0,04м деп аламыз. Тесіктерден ағатын судың жылдамдығы 1 м/с .

Әр қалқадағы тесіктердің саны:

$$n = \frac{4 \cdot q_{\text{сек}}}{\pi \cdot v_t \cdot d_0^2}, \quad (1.31)$$

$$n = \frac{4 \cdot 0.05}{3.14 \cdot 1 \cdot 0.0036} = 18$$

Қалқалардағы тесіктердегі арынның жойылуы, м

$$\Sigma h = \frac{m \cdot v_t^2}{2 \cdot g \cdot \mu^2}, \quad (1.32)$$

мұндағы m – араластырғыштың қалқаларынаң саны. Жалпы саны 3- ке тең.

μ - шығын коэффициенті 0,75 ке тең.

$$\Sigma h = \frac{3 \cdot 1}{2 \cdot 9,81 \cdot 0,57} = 0,26 \text{ м},$$

Әр қалқадан кейінгі су деңгейінің құламасы, м

$$h = \frac{\Sigma h}{m}, \quad (1.32)$$

$$h = \frac{0.26}{3} = 0.08 \text{ м}$$

Араластырғыштың соңындағы науалық қимасы, м²

$$f_H = \frac{q_{\text{сек}}}{v_t}, \quad (1.33)$$

$$f_H = \frac{0,05}{1} = 0,05 \text{ м}^2$$

Қалқалардың алдында араластырғыштың соңынан санағанда су қабатының биіктігі:

біріншінің алдында $H+h=0,65+0,08=0,71 \text{ м}$;

екіншінің алдында $H+2h=0,65+0,16=0,81 \text{ м}$;

үшіншінің алдында $H+3h=0,65+0,24=0,89 \text{ м}$.

Әр қалқаның тесігінің ауданы, м²

$$f_t = n \cdot 0.785 \cdot d_0^2, \quad (1.34)$$

$$f_t = 18 \cdot 0.785 \cdot 0.0036 = 0.05 \text{ м}^2$$

Қалқаның ең қажетті 30 пайыздан аспау керек ауданы:

$$f_K = \frac{0.05}{0.3} = 0,16$$

Тесіктердің жоғарғы қатарының суға батуын 0,1...0,15м есепке алғанда бірінші қалқаның биіктігі:

